



БҰЙРЫҚ

05.11.2021 № 368

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

**Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты
бойынша 2030 жылға дейінгі
орнықты даму мақсаттарын
енгізу және іске асыру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобын
кұру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы
№ 142 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі туралы ереженің 21-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда «Бейбітшілік» бағыты
бойынша Қазақстанда 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарын енгізу
және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс
тобы) құрылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Бейбітшілік» бағыты бойынша
Қазақстанда 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске
асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Азаматтық қоғам істері комитеті (бұдан әрі – Комитет) Жұмыс тобының жұмыс
органы болып айқындалсын.

4. Комитет:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды
қамтамасыз етсін.

5. Мыналар:

1) «Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін
Орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық
жұмыс тобы туралы» Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018
жылғы 8 қазандағы № 01-01/42 бұйрығының;

2) «Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін

Орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы туралы» Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 01-01/42 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі бұйрығының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Б.А. Тілеповке жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрі**



А. Балаева

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің
2021 жылғы «__» _____
№ __ бұйрығына
1- қосымша

**Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі
орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы**

Балаева Аида Ғалымқызы	— Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі, жұмыс тобының төрағасы
Тілепов Болат Анапияұлы	— Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі, жұмыс тобы төрағасының орынбасары
Елеупов Серік Рахметұлы	— Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті Ведомствоаралық үйлестіру басқармасының басшысы, жұмыс тобының хатшысы
Кожахмет Мадияр Дүйсенбайұлы	— Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы, жұмыс тобының мүшесі
Еңсебаев Дәурен Нұрланұлы	— Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Сот талдау бөлімінің меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Әукенов Дәурен Ерсінулы	— Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Стратегиялық әзірлемелер және халықаралық бағдарламалар департаменті директорының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Басшыбаев Мадияр Бекенұлы	— Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Стратегиялық дамыту департаменті бастығының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)

- Қуанышева
Асылхан Каминқызы — Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Стратегиялық дамыту департаментінің
прокуроры, жұмыс тобының мүшесі (келісім
бойынша)
- Жекебаев
Дулат Шайкенұлы — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау
комитеті төрағасының орынбасары, жұмыс
тобының мүшесі (келісім бойынша)
- Ташенов
Ерғали Серікбайұлы — Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық министрлігінің Ақпарат комитеті
төрағасының орынбасары, жұмыс тобының
мүшесі
- Ақтанжанов
Медет Қабидолданұлы — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім
бойынша)
- Баранов
Максим Николаевич — Қазақстан Республикасы Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің
Стратегиялық әзірлемелер және цифрландыру
басқармасының басшысы, жұмыс тобының
мүшесі (келісім бойынша)
- Бертілеуова
Әлима Әлімжанқызы — Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Жергілікті соттардың жұмысын
үйлестіру бөлімінің бас консультанты, жұмыс
тобының мүшесі (келісім бойынша)
- Жүнісов
Рахат Николаевич — Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Тіркеу қызметі және заң қызметтерін
ұйымдастыру департаменті директорының
орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім
бойынша)
- Керімқұлов
Бауыржан Талғатұлы — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің Көпжақты ынтымақтастық
департаменті директорының орынбасары,
жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
- Нұркишева — Қазақстан Республикасы Ақпарат және

Елмира Мұратқызы	қоғамдық даму министрлігінің Мемлекет пен қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті директорының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
Нұрмағамбетов Қанат Базарбайұлы	— Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Нұржанов Асылхан Ержанұлы	— Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің Сараптамалық жұмыс басқармасының сарапшысы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Жовтис Евгений Александрович	— Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстан қалықаралық бюросының директоры, қазақстандық құқық қорғаушы, қоғам қайраткері, заңгер, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Нұрғазиева Бану Ғаниқызы	— «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Ақжанов Әбдікәрім Арынұлы	— «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Асанова Жәмиля Қасымқызы	— «Арго» азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығының атқарушы директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Ошақбаев Рахим Сәкенұлы	— «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Лима Дияс	— «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)
Өтебаева Алтынгүл Болатқызы	— «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамының Тұрақты даму

мақсаттары хатшылығы директорының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)

Әбуов
Анас Жолдасбекұлы

— «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамының Тұрақты даму мақсаттары хатшылығының аға маманы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)

Гафятуллина
Данна Фениловна

— «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамының Тұрақты даму мақсаттары хатшылығының жетекші маманы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)

Егембердиева
Айгерім Болатқызы

— Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының орнықты даму мақсаттары жобаларының менеджері (келісім бойынша)

Түлесбаева
Гүлмира Канатжанқызы

— Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының құқық үстемдігі саласындағы жобалар менеджері, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша)

**Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі
орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - ведомствоаралық жұмыс тобы) Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін орнықты даму мақсаттарының ұлттық тетігін ілгерілетуді және іске асыруды үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2-тарау. Ведомствоаралық жұмыс тобының міндеті

2. Ведомствоаралық жұмыс тобының міндеті Қазақстандағы «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарын енгізу, іске асыру және қол жеткізу прогресін бағалау жөнінде іс-шаралар кешенін әзірлеу:

ағымдағы ахуалды диагностикалау, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу прогресін талдау, мониторингілеу және бағалау;

орнықты даму мақсаттарының міндеттері мен көрсеткіштерін енгізу, бейімдеу және іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

оларды одан әрі мониторингтеу үшін орнықты даму мақсаттарының көрсеткіштері жүйесін қалыптастыруға қатысу;

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына «Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму мақсаттарының міндеттері мен көрсеткіштерін енгізу;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму мақсаттары көрсеткіштерінің бастапқы мәртебесін бағалау және 2030 жылға дейінгі болжамды мәндерді айқындау;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму мақсаттарының іске асырылуы нәтижелерін Орнықты даму мақсаттарының үйлестіру кеңесінің қарауына енгізу (жылдық және жартыжылдық қорытындылары бойынша);

Орнықты даму мақсаттары бойынша ұлттық ерікті шолуды дайындауға қатысу;

бекітілген орнықты даму мақсаттары бойынша орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-қимыл жоспарына ұсыныстар әзірлеу;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу

жөніндегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпаратты Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс органына ұсыну;

орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу мақсатында өзге де шараларды орындау арқылы болып табылады.

3- тарау. Жұмыс тобының құрамын қалыптастыру және өзгерту тәртібі

3. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу және халықаралық ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылады және «Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму мақсаттары үйлестірушісінің бұйрығымен бекітіледі.

4. Ведомствоаралық жұмыс тобы төрағадан, оның орынбасарынан, хатшыдан және ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерінен тұрады.

5. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамына өзгерістер енгізу қажеттілігіне қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей жүзеге асырылады.

4- тарау. Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын ұйымдастыру

6. Ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай, жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

7. Шешімдер ведомствоаралық жұмыс тобы отырыстарының хаттамасында көрсетіледі, олардың көшірмелері ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелеріне ұсынылады.

Шешіммен келіспейтін ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері өз пікірін жазбаша баяндай алады және оны міндетті түрде отырыс хаттамасына енгізілетін хаттамаға қоса бере алады.

8. «Бейбітшілік» бағыты бойынша ұлттық үйлестіруші болып табылатын ведомствоаралық жұмыс тобының төрағасы:

- 1) оның отырыстарында төрағалық етеді;
- 2) ведомствоаралық жұмыс тобы отырыстарының хаттамаларына және басқа да құжаттарға қол қояды;
- 3) ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 4) «Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын жалпы бақылауды жоспарлайды және жүзеге асырады;
- 5) Ведомствоаралық жұмыс тобының алдына қойылған «Бейбітшілік» бағыты бойынша міндеттердің іске асырылуына жауапты болады.

9. Ведомствоаралық жұмыс тобы төрағасының орынбасары:

- 1) ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарында төраға болмаған кезде төрағалық етеді;

2) ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының күн тәртібін дайындауға, ведомствоаралық жұмыс тобының отырысына тартылатын адамдардың құрамын қалыптастыруға қатысады;

3) ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын жалпы бақылауды жоспарлауға және жүзеге асыруға қатысады.

10. Ведомствоаралық жұмыс тобының хатшысы:

1) ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарын ұйымдастырады;

2) ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерін алдағы отырыстың күні мен уақыты туралы хабардар етеді;

3) ведомствоаралық жұмыс тобының талқылауы үшін құжаттар мен шешімдердің жобаларын дайындайды және ведомствоаралық жұмыс тобының төрағасымен келіседі;

4) ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелеріне отырыстардың хаттамаларын, сондай-ақ алдағы отырысқа арналған материалдарды жүргізеді, рәсімдейді және таратады.

11. Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысына шақырылғандар:

1) ведомствоаралық жұмыс тобының отырысына қатысады және өз пікірін айтуға құқығы бар;

2) ведомствоаралық жұмыс тобының тапсырмасы бойынша қаралатын проблема бойынша олардың пікірін көрсететін жазбаша қорытындылар, есептер және өзге де құжаттар дайындайды.